

Өңірлерді медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етудің ең төмен нормативтерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-205/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 26 қарашада № 21679 болып тіркелді

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі 7-бабының 39) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Өңірлерді медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етудің ең төмен нормативтері бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі*

А. Цой

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 25 қарашасы
№ ҚР ДСМ-205/2020
бұйрықпен бекітілген

Өңірлерді медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етудің ең төмен нормативтері

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың:

№	Мамандықтар бойынша жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкерлері:	Норматив*
1	Терапия	0,8
2	Ересектер, балалар кардиологиясы	0,3
3	Ересектер, балалар ревматологиясы	0,03
4	Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)	0,05
5	Ересектер, балалар гастроэнтерологиясы	0,05
6	Гематология	0,05
7	Онкология және гематология (балалар)	0,02
8	Ересектер, балалар пульмонологиясы	0,05
9	Ересектер, балалар эндокринологиясы	0,2
10	Ересектер, балалар нефрологиясы	0,07
11	Ересектер, балалар фтизиатриясы	0,4
12	Еңбек медицинасы (кәсіптік патология)	0,03
13	Ересектер, балалар жұқпалы аурулары	0,3
14	Ересектер, балалар дерматологиясы және венерологиясы	0,15
15	Ересектер, балалар неврологиясы	0,5
16	Ересектер, балалар психиатриясы	0,5
17	Физикалық медицина және сауықтыру (реабилитация)	0,15
18	Сәулелі терапия (радиациялық онкология)/Радиотерапиялық онкология	0,03
19	Сәулелі диагностика (рентгенология, компьютерлік және магнитті-резонансты томография, ПЭТ, ультрадыбыстық диагностика, ядролық медицина)/ Радиология	1,0
20	Клиникалық зертханалық диагностика	0,5
21	Спорттық медицина	0,03
22	Гериатрия	0,2
23	Клиникалық фармакология	0,02
24	Ересектер, балалар анестезиологиясы мен реаниматологиясы	0,9
25	Жалпы хирургия	1,0
26	Ересектер, балалар кардиохирургиясы	0,03
27	Ересектер, балалар ангиохирургиясы	0,03
28	Ересектер, балалар нейрохирургиясы	0,15
29	Ересектер, балалар бет-жақ хирургиясы	0,05
30	Химиотерапиялық онкология	0,4
31	Ересектер, балалар травматологиясы мен ортопедиясы	0,5
32	Ересектер, балалар урологиясы	0,15
33	Ересектер, балалар офтальмологиясы	0,4
34	Ересектер, балалар оториноларингологиясы	0,3
35	Патология	0,1
36	Трансфузиология	0,1
37	Токсикология	0,03
38	Педиатрия	1,3
39	Неонатология	0,2

40	Балалар хирургиясы	0,2
41	Акушерлік және гинекология	1,4
42	Медициналық генетика	0,03
43	Ересектер, балалар шұғыл медицинасы	0,3
44	Стоматология	0,6
45	Мейіргерлік іс	0,05
46	Эпидемиология	0,2
№	Мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік медициналық мамандықтары бар медициналық қызметкерлер:	Нормативтік мөлшер
1	Мейіргерлік іс	63,5
2	Емдеу ісі	7,0
3	Акушерлік іс	5,1
4	Гигиена және эпидемиология	0,2

Аудандық маңызы бар қалалар, елді мекендер мен ауылдар**

№	Мамандықтар бойынша жоғары медициналық білімі бар медициналық қызметкерлер:	Норматив					
		ДА	А Е , АМСКО	АА	КСАА		
1	Жалпы дәрігерлік тәжірибе (отбасылық медицина)	6,7	6,7	6,7	6,7		
2	Педиатрия (неонатология)	20,0 (0 ден 6 жасқа дейінгі балалар)	20,0 (0 ден 6 жасқа дейінгі балалар)	20,0 (0 ден 6 жасқа дейінгі балалар)	20,0 (0 ден 6 жасқа дейінгі балалар)		
3	Акушерлік іс және гинекология		0,7 - 2,0	0,6 - 1,0	0,8		
4	Жалпы хирургия		0,3 - 1,0	0,4 - 0,7	0,6		
5	Терапия		0,3 - 1,0	0,4 - 0,7	0,4		
6	Неврология			0,2 - 0,3	0,2		
7	Кардиология			0,2 - 0,3	0,2		
8	Эндокринология			0,2 - 0,3	0,2		
9	Инфекциялық аурулар			0,2 - 0,3	0,2		
10	Онкология			0,2 - 0,3	0,2		
11	Медициналық реабилитология			0,2 - 0,3	0,2		
12	Дерматовенерология			0,2 - 0,3	0,2		
13	Офтальмология			0,2 - 0,3	0,2		
14	Отоларингология			0,2 - 0,3	0,2		
15	Анестезиология және реаниматология			0,4 - 0,7	0,6		
16	Психиатрия			0,2 - 0,3	0,2		
№	Мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік медициналық мамандықтары бар медициналық қызметкерлер:	ДП	ФАП	ДА	А Е , АМСКО	АА	КСАА
1	Мейіргерлік іс/ емдеу ісі	1,0 - 6,7	1,0 - 6,7	1,0 - 6,7	0,7 - 2,0	0,4 - 0,7	0,4

2	Акушерлік іс	-	1,0	1,0 - 6,7	0,3 - 1,0	0,6 - 1,0	0,8
---	--------------	---	-----	-----------	-----------	-----------	-----

Барлық қалалар мен елді мекендер үшін медициналық - санитариялық алғашқы көмек қызметі

№	Мамандықтар бойынша жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкерлері:	Нормативті мөлшер
1	Жалпы дәрігерлік тәжірибе (отбасылық медицина) / Терапия	6,7
2	Педиатрия	20,0 (0 ден 6 жасқа дейінгі балалар)
3	Гериатрия	0,5
№	Мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік медициналық мамандықтары бар медициналық қызметкерлер:	Нормативті мөлшер
1	Жалпы тәжірибелік мейіргер (отбасылық мейіргер)	1 жалпы тәжірибелік дәрігерге 3
2	Терапиялық учаскелік мейіргер	1 учаскелік терапевтке 2
3	Педиатриялық учаскенің мейіргері	1 учаскелік педиатрға 2

Ескерту:

* Норматив ең төмен мөлшер болып табылады және 10 000 халыққа есептелген

** Ауылдық жерлерде және кенттерде, аудандық маңызы бар қалаларда медицина қызметкерлеріне қажеттілікті анықтау бірінші кезекте жүргізіледі.

Қысқартулар мағынасы:

АА – аудандық аурухана;

АЕ – аудандық емхана;

ДА - дәрігерлік амбулатория;

КСАА – көп салалық ауданаралық аурухана;

МП – медициналық пункт;

МСАКО –медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығы;

ФАП – фельдшерлік-акушерлік пункт;

ПЭТ – позитронды-эмиссиялық томография

Бұйрыққа
қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің күші жойылған бұйрықтарының тізбесі

1. "Өңірлердің медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілу нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6173 болып тіркелген, 2010 жылғы 16 қазанда № 274-275 (26335-26336) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған);

2. "Наркологиялық ұйымдар (ауруханалар, Диспансерлер) туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін

атқарушының 2011 жылғы 5 қаңтардағы № 2 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6744 болып тіркелген, 2011 жылғы 28 сәуірде "Егемен Қазақстан" газетінің № 141 (26562) санында жарияланған);

3. "Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 5 қаңтардағы № 10 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6775 болып тіркелген, 2011 жылғы 1 маусымда "Егемен Қазақстан" газетінің № 173 (26594) санында жарияланған);

4. Бұйрық Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрінің "Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 27 қаңтардағы № 55 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7426 болып тіркелген, 2012 жылы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде № 4, 67-күжат);

5. Бұйрық Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрінің "Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 15 қазандағы № 714 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8055 болып тіркелген) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы);

6. "Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 17 тамыздағы № 477/1 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8730);

7. Бұйрық Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрінің "Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығына толықтыру енгізу туралы" 2017 жылғы 27 ақпандағы № 39 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14942 болып тіркелген, 2018 жылғы 18 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) өзгеріс енгізу туралы);

8. Бұйрық Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрінің Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 192 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы № 238 "Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16873 болып тіркелген, 2018 жылғы 18 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

9. "Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 6 мамырдағы № ҚР ДСМ-65 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18638 болып тіркелген, 2019 жылғы 20 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).